

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[23SD-116]

Highlander-дің алдыңғы бамперінің төменгі бөлігі

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға қатысатын көлік құралдары жоғарғы және төменгі бөліктерден тұратын алдыңғы бампердің полимерлі қаптамасымен жабдықталған. Қаптаманың төменгі бөлігінің бекіткіштері босаңсуы мүмкін, соның салдарынан қаптама көлік қозғалыс кезінде көліктен ажырап қалуы мүмкін. Бұл құбылыстың орын алуы жолда қауіпті жағдайға әкелуі мүмкін, оның ішінде апат қаупі немесе жол қозғалысының басқа қатысушыларының жарақат алу қаупі бар.

Толық ақпаратты Toyota компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Toyota компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Toyota-ның кәсіби мамандары алдыңғы бампер қаптамасының төменгі бөлігінің бекіткіштерін тексеру және ауыстыру жұмыстарын **МҮЛДЕМ ТЕГІН** орындайды.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Кампанияны орындау шамамен **60 минутты алады**. Алдыңғы бамперді ауыстыру қажет болған жағдайда және/немесе дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Toyota модельдері қатысады:

- **Highlander** (шығарылған жылы: 2020 – 2023 жж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі шектелмеген.